

«Бекітемін»

Мектеп директоры

Калменов М.К

31.08.2023 жыл

№11 М.П.Окороков атындағы жалпы орта мектебінің ата-ана, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдардың оқу тәрбие процесіне бірлесіп атқаратын іс-шараларының жоспары.

№	Атқарылатын іс-шаралар	мерзімі	жауаптылар
1	Отбасы мен ата-аналардың оқушыларды тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту. Оқушыларды мектепке даярлау.	тамыз	П. Бекжанова Сынып жетекшілер Ата-аналар ком. төрағасы
2	Алғашқы қоңырау салтанатты жиынын өткізу.		П. Бекжанова Тәлімгер ұстаз Мектеп әкімшілігі
3	Сыныптар бойынша ата-аналар жиналысын өткізу	қыркүйек	Сынып жетекшілер
4	Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау, төрағасын бекіту.		М. Калменов
5	Мектеп кеңесін құру, секторлар ашу		М. Калменов
6	Ата-аналар университетіне тыңдаушыларды жинау, ұйымдастыру жұмыстары.		М. Калменов П. Бекжанова
7	Республика күнін атап өту.	қазан	П. Бекжанова
8	Мектеп кеңесін ұйымдастыру, мәжілісін өткізу.		П. Бекжанова
9	Мектепті қысқы мерзімге даярлау, ағымды жөндеу, жабдықтау жұмыстары.		П. Бекжанова
10	Ата-аналар университетінің жұмыс жоспарын бекіту.		П. Бекжанова
11	Алтын күз КВН	қараша	Тәлімгер ұстаз
12	I-ші тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысын өткізу.		П. Бекжанова Сынып жетекшілер
13	Тәрбиесі қиын сәтсіз отбасылардан шыққан оқушылардың ата-аналармен сұқбаттасу.		Ж. Дуйсенова Сынып жетекші
14	Ата-аналар университетінің алғашқы сабағы (Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы)		М. Калменов
15	Қазақстан 2050 бағдарламасын іске асыру	желтоқсан	П. Бекжанолва
16	Жаңа-жыл мерекесін өткізу, ата-ана комитетінің отырысын өткізу		Ата-аналар комитетінің төрағасы
17	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсету.		Әлеуметтік педагог А. Еримбетова
18	Оқушылардың қысқы каникулдарын ұйымдастыру	қаңтар	П. Бекжанова
19	Ата-аналар университетінің II-ші отырысы «XXI ғасыр білім берудегі жаңғыртулар мен даму ғасыры»		Ата-аналар комитетінің төрағасы
20	Балаңыздың жолдастарын қандай		Сынып жетекшілер

	болуын қалайсыз? (пікір алысу)		
21	Ата-аналар жиналысы: «Ата-аналар құқығы мен міндеттері»		П. Бекжанова
22	Мектеп кеңесінің отырысын өткізу	ақпан	П. Бекжанова
23	Мектеп бюджетінің орындалуы		М.Калменов.
24	Наурыз мерекесін өткізу шаралары		П. Бекжанова Мектеп әкімшілігі
25	Наурыз мерекесін өткізу	наурыз	Ата-аналар комитетінің. төрағасы
26	Ата-аналар, демеуші көмегімен жас айтыскерлер, термешілер байқауын өткізу.		Ата-аналар комитетінің. төрағасы Мектеп әкімшілігі
27	Ата-аналар университетінің ІІІ-ші сабағы: а) «Әдептілік неден басталады?»		П. Бекжанова СЖӘБЖ
28	Ата-аналармен пікір алмасу		Сынып жетекшілер
29	Сынып бөлмелерін, мектеп ауласын коғалдандыру бойынша ата-аналар комитетімен бірлескен жұмыс	Сәуір	Мектеп әкімшілігі Ата-аналар Мектеп әкімшілігі
30	«Білім заңын жүзеге асыру міндетіміз әрі парызымыз»		Мектеп әкімшілігі
31	Метепті жаңа оқу жылына даярлау мәселесін ата-аналармен шешу.		Ата-аналармен Мектеп әкімшілігі
32	Жалпы ата-аналар жиналысы		Сынып жетекшілер
33	Ұлы Жеңістің 72 жылдық мерекесін өткізу	мамыр	П.Бекжанова
34	Бітіруші сынып оқушыларының ата-аналармен балаларды оқуға еңбекке орналастыру, кәсіптік бағдар беру жұмыстары		Сынып жетекшілер
35	Ата-аналар университетінің ІУ сабағы		М.Калменов.
36	Емтихан тапсыру, сыныптан сыныпқа көшу мәселесімен ата-аналар жиналысын өткізу		Сынып жетекшілер
37	Мектеп оқушыларының жазғы демалыстарын ұйымдастыру	маусым	Мектеп басшылары Ата-аналар ком. төрағасы
38	Бітірушілер кешін өткізу		Мектеп әкімшілігі Ата-аналар ком. төрағасы

Дайындаған:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

П. Бекжанова

**№11 М.П. Окорокоев атындағы жалпы орта мектебінің думан залында мамыр айында
жоспарланған жалпы ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген орын: Думан залы.
Өткізілген күні: 27.09.2023 жыл

Жиналысқа қатысқандар:

1. Мектеп директоры Калменов Манақбай Қыдырбайұлы
2. Ата-аналар комитетінің төрағасы Олжабаев Ералы
комитет мүшелері,
3. Қамқоршылық кеңес төрағасы Абылкасимов Бауыржан, кеңес мүшелері,
4. «Әкелер» кеңесі, мүшелері-3
5. «Аналар» кеңесі, мүшелері -4
6. Мектеп әкімшілік қызметкерлері - 4,
7. Мектеп ұжымынан сынып жетекшілер -35,
8. Ата-аналар - 125

Күн тәртібінде

1. Шет елдерде діни білім алудың зиянды тұстары.

Тыңдалды

Жиналыс басында мектептің директоры **Манақбай Қыдырбайұлы** жалпы ата-аналар жиналысының күн тәртібімен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алып, Сарыағаш ауданында мектеп басшыларымен жиналыс өткілді. Шет елдерде діни білім алудың зиянды тұстары жайында айтты. Сарыағаш ауданына қарасты №18 Абай Құнанбаев, Майлықожа, Ғани Мұратбаев атындағы мектептерінің оқушылары жазғы демалыс уақытында шет елге діни білім алуға кетіп, бүгінгі таңда оқушылардың сабаққа болмағанын мектеп әкімшілігі жасырғаны үшін шара көріліп, мектеп басшыларын қызметінен босатылғанын айтты.

Өздеріңіз БАҚ-нан, күнделікті теледидардан көріп отырсыздар қаншама қандастарымыз шет елге білім алымын деп, өзге діни ағымдарға кіріп кетіп отыр.

Соңғы жылдары шетелде діни білім алудың қауіп-қатері жиі көтеріліп жүр. Өйткені, өзге елге білім қуып барған қазақ жастарының ішінде діни ағымдардың ықпалына түсіп, теріс идеологияның қолшоқпары болып кеткендер аз емес. Әлі күнге Қазақстанды былай қойып, шет жердегі бейресми оқу орындарында білім алуды құп көретіндер баршылық. Бұл үрдістің қалай алдын аламыз? Жастарымызды теріс ағымдардың ықпалынан сақтау үшін не істеу керек?, бүгінгі жиналыста осы және өзге де өзекті сұрақтар жайында әңгіме сұхбат жүргіземіз.

Алдымен директордың **тәрбие ісі жөніндегі орынбасары** **П. Бекжанованың** «Шет елдерде діни білім алудың зиянды тұстары» жайындағы баяндамасын оқуға берейік.

П. А. Бекжанова: Еске салсақ, 2010-жылдардан бастап қаншама қаракөздеріміз Сирияға аттанды, бірнеше террористік акт орын алды, экстремистік қылмыстар жасалды. Бұл келеңсіздіктерге шетелдік уағызшылар тікелей әсер еткені белгілі болып отыр. Себебі олардың негізгі мақсаты – діни теріс идеологияны насихаттау арқылы басқа елдерге деструктивті ағымдарды тарату. Ал өмірде жолын таппаған кейбір жастар радикализмнің буына уланып, адасып қалып жүр. Кейін анықталғандай, жоғарыда аталған діни экстремистік және террористік қылмысқа барғандардың, Сирияға кеткендердің көпшілігі – шетелдік бейресми оқу орындарында оқығандар және солардың уағыз-насихатын тыңдағандар болып шықты. Қолданыстағы заңнамаларда елімізде дін ұстану еркіндігі, ешбір діннің міндетті еместігі және бір дінге қандай да бір артықшылық берілмейтіні мен заңды түрде қызмет атқарып отырған барлық конфессиялардың заң алдындағы теңдігі нақты бекітілген. Себебі, Қазақстан халқы зайырлы және демократиялы мемлекетте өмір сүргендіктен, әркімнің өз таңдау құқығы бар. Демек, қалаған жерінде білім алғысы келген жастар діннің ақ пен қарасын толық ажыратып үлгермей жатып, шетелде тегін білім алуға, өздері тыңдап жүрген жалған идеологияны ұстанатын «шейхтарының» жолын жалғастыруға ынтық болады. Бейресми оқу орындары жөнінде ақпаратты жастар арасында тарататын да сол шейхсымақтары. Олар мұны өз дәрістерінде шәкірттерімен диалог орнату кезінде насихаттайды.

Ғаламтордағы шетін идеологиялар қазақ жастарының санасын улап, олардың діни білімді Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Йемен, Кувейт, Иран, Пәкістан, Катар сияқты елдерде алуға деген құштарлығын арттырып отыр. Қазақтың салт-дәстүрін жоққа шығару, ұлттық құндылықтарымызды дәстүрлі Ислам құндылықтарымен ұштастыра алмау діни адасушылыққа әкеп соқтырып, еліміздегі діни ахуалға нұқсан келтіруде. Бастапқы діни білімді отандық медреселер мен мешіттегі имамдардан алмаған жастардың шетелдегі күмәнді діни білім ордаларына баруы олардың жеке бастарына да, ұлтымызға да, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне де қатер. Өйткені, жат идеологияны бойына сіңірген қаракөздеріміз радикалданып, халықаралық террористік ұйымдарға қосылуда. Бұл қауіптің алдын алу үшін діни білімді Қазақстанда алудың маңызы өте зор.

Дегенмен, шетелде білім алудың пайдалы тұстарымен қатар, қатерлі тұстары да қатар жүретіні сөзсіз. Оның бірі – деструктивті діни ағымдардың ықпалында қалу қаупінің басымдығы.

Қазіргі жастардың шетелде білім алып, болашағына сеніммен қарап, отанына керекті маман боламын деген ұмтылыстары құптарлық іс. Оған қоса, елімізде жастардың «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы аясында және әртүрлі гранттар мен жеке қаражат есебінен шетелде білім алуына барлық жағдай жасалған.

Өкінішке орай, Таяу Шығыс елдерінде соңғы жылдардағы әртүрлі діни ағымдардың белсенділігінің артуы мен дінаралық қақтығыстардың белең алуы, террористік ұйымдардың ашық әрекет етуі себебінен қоғамдық-саяси және діни ахуал күрделеніп кетті. Бұған қоса, қазіргі күнде әртүрлі жалған және деструктивті ағымдардың қызметі ашық жүргізіліп, олар басқа елден білім алу мақсатымен келген шетел азаматтары арқылы өз қатарын толықтыруды көздейді.

Еліміздің жастары қазіргі таңда діни білімді отандық діни оқу орындарында алған маңызды. Сондықтан, құрметті ата-аналар! бүгінгі жастарымыздың болашақ білім алатын елін, оқу орнын таңдау барысында оқу орнының қоғамдық-саяси және діни ахуалы туралы ой түйіп, оның тарихын, мәдениетін, діні мен ділі туралы біліп алғаны жөн-деп сөзін аяқтады.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Е. Олжабаев: Құрметті ата-аналар! Қазіргі таңда елімізде діни білім аламын деген жастар үшін 6 негізгі жоғары оқу орны бар. Олар: «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті және Шет тілдер және іскерлік карьера университеті. Олар «Дінтану», «Исламтану», «Теология» мамандықтары бойынша оқытады. Одан өзге «Сарыағаш» медресе-колледжі, «Шымкент» медресе-колледжі, «Астана» медресе-колледжі, «Әбу Бәкір Сыддық» медресе-колледжі, «Ғибаттулла Тарази» медресесі, «Үшқоңыр» медресе-колледжі, «Әбу Ханифа» медресе-колледжі, «Орал» медресе-колледжі, «Ақтөбе» медресе-колледждері бар.

Аталған жағдайдың бәрінде де ата-ана көмегінің маңызы өте жоғары. Әсіресе, шетелге шығу кезінде қазақстандық жастар тап болуы ықтимал төмендегідей қауіп-қатерлерге ерекше тоқталғанды дұрыс деп есептеймін.

Біріншіден, сол білім алуға барған елде немесе оқу ордасында жат діннің ықпалына түсу қаупі.

Екіншіден, бала шетелде діни білім алатын болса, онда ата-ана баласының қандай діни мекемеде оқып жатқанын білуі міндетті.

Үшіншіден, ата-аналар мен жастар шетелдің кейбір діни ұйымдардың атауларын әртүрлі зайырлы немесе ресми атаулармен жасыратынын білулері керек. Осы қауіп-қатерлерді ескере отырып, Еліміздегі діни білім беретін оқу орындарды біле отыра шет елде білім алудың қажеті жоқ деп білемін.

Ата-ана Агилова Раушан: Еліміздің жастары қазіргі таңда діни білімді отандық діни оқу орындарында алған маңызды. Ата-аналар мен оқушылар сапалы діни білім алу үшін Қазақстанның да

мүмкіндіктері жоғары екенін білулері керек. Осы мүмкіндіктерді ескеріп, шет елдерде діни білім алудың қажеттілігі жоқ -деп өз пікірін айтты.

Басқа да **Абенев Бақтияр, Құлжанов жандос** есімді ата-аналар жастардың шет елде білім алуына қарсылығын айтып, бірауыздан қолдады.

Мектеп директоры Манақбай Калменов Қыдырбайұлы: Қорыта айтқанда шет елдердің діни оқу орындарында Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы және мемлекетаралық келісім негізінде болса магистратура және доктарантура оқуға болады. Ал бастапқы білімді яғни, бакалаврлық базалық білімді шет елдердің діни білім орталықтарында алудың қажеттілігі жоқ. Өз елімізде білікті мамандар дайындалып жатыр. Ойымызды түйіндеп айтар болсақ, болашағын дінтану мен теологиялық ілімдерді зерттеуге арнаған қазіргі жастарға өз Отанында кәсіби білім алудың барлық мүмкіндіктері жасалғанын айтты.

Жиналыс соңында мектептің директоры **Манақбай Калменов Қыдырбайұлы** бүгінгі жиналысқа қатысқан ата-аналарға алғысын білдіріп жиналыс аяқтады.

Жиналыста қабылданған шешімдер:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **П. Бекжанованың** «Шет елдерде діни білім алудың зиянды тұстары» жайындағы баяндамасы назарға алынсын.
2. 9-11 сынып оқушыларымен діни-экстремизмнің алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге міндеттелсін.
3. Шет елдерде діни білім алудың зияндылығы жайында жалпы ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу сынып жетекші ұстаздарға жүктелсін.


Жиналыс төрағасы:

Е. Олжабаев


Хатшы:

П. Бекжанова

«КЕЛІСЕМІН»

Ата-аналар
комитетінің төрағасы
 Е. Олжабаев

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры
 Калменов М.К.
02.09.2023 жыл

№11 М.П.Окороков атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы мен жергілікті
ата-аналар комитеті арасындағы
МІНДЕТТЕМЕ №3 қосымша

I. Мектеп басшылығы мен мұғалімдердің міндеттері.

1. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім мен тәрбие алу үшін қажетті жағдайлар жасауға;
2. Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байытуға;
3. Азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны- Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, Халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеуге ;
4. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеуге, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруға;
5. Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ ұлты мен республиканың басқа да ұлттарының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге, мемлекеттік тілді, басқа да тілдерді меңгеруге бейімдеуге;
6. Тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға, білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
7. Өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
8. Білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;
9. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілген білім беру қызметтерінің сапасын көтеруге;
10. Білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этно-мәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
11. Білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ;
12. Педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;
13. Оқушылардың және олардың ата-аналарының абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
14. Мектептің ішкі тәртіп ережесі талаптарыны мүлтіксіз орындауға және оқушылар мен ата-аналардан ішкі тәртіп ережесі талаптарының орындалуын талап етуге;
15. Мұғалім мен білім алушының ата-аналары арасындағы ынтымақтастықты педагогикалық талаптарға сәйкес қалыптастыруға және жүзеге асыруға;
16. Мектепте іскерлік киім үлгісін ұстануға;
17. Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б.) әкелмеуге және пайдаланбауға ;

18. Мектепке нашақорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар, т.б.) әкелмеуге, пайдаланбауға, өзге азаматтарға соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға;
19. Мектептің ішінде ұлт аралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға;
20. 21. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар және т.б.) әкелмеуге және діни тұрғыдағы киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка, т.б.) кимеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға;
22. Мектеп оқушыларының күнделікті сабаққа қатысуын бақылауға;
23. Мінезі ауыр оқушылармен тұрақты жеке жұмыстарды ұйымдастыруға міндетті.

II. Ата-аналар міндеттері.

1. Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуға, азаматтық тұрғыда қалыптасуын қамтамасыз етуге, білімі мен тәрбие сапасын жақсартуға үлес қосуға, баланың сабақтан тыс мезгілдегі тәртібін жеке жауапкершілікке алуға;
2. Өздерінің қабілеттері және қаржылық мүмкіндіктері шегінде баланың дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге негізгі жауапкершілікті алуға (*Бала құқықтары туралы Конвенциясының 27 бабының 2-тармақшасы*);
3. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екенін мойындауға; (*Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 2-тармақшасы*);
4. «Баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдауға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үй мен қамтамасыз етуге» (*Қазақстан Республикасы «Баланың құқықтары туралы» Заңының 24-бабының 2-тармақшасы*);
5. Балаға алкогольді ішімдіктерді, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға және пайдалануға тыйым салуға; (*Қазақстан Республикасы «Балалар құқықтары туралы» Заңының 37-бабының 2-тармақшасы*);
6. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге; (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 49-бабының 3-тармақшасы*);
7. Балаларының білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауына; (*Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабы 15-1 тармақшасы*);
8. Мектептен тыс уақытта баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға. Күнделікті сабақтан кешіктірмей, толық қатыстыруға, сондай-ақ кешкі уақытта қараусыз қалдырмауға;
9. Сабақ уақытында ұялы телефон, смартфон, планшет ұстатпауға;
10. Күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс күндерінде, мектептен тыс уақыттағы жол және өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігін, тәртібін күнделікті қадағалауды өз қарауына алуға, балаға толық жауапкершілікті өз мойнына алуға;
11. Баланың мектептен тыс мезгілде бейәдеп, теріс қылықтарына, өмірінің қауіпсіздігіне жеке жауапты екендігін сезінуге;
12. Осы аталған мәселелер орындалмаған жағдайда ата-аналық жауапкершілігіне және ата-аналық міндетіне лайық еместігін сезінуге;
13. Баланың кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз жібермеуге;
14. Баланың көлік жүргізуіне тыйым салуға; Баланың өз бетімен балық аулауына, су жағасына, орман алаңына баруына тыйым салуға, өмір қауіпсіздігін сақтауға;

- 15.Отбасындағы ұл-қыздың тәрбиесіне, жыныстық тәрбиесіне (әсіресе қыз бала тәрбиесіне) ерекше көңіл бөлуге;
- 16.Балаларының мектепте нашакорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелуіне, пайдалануына, өзге азаматтарға, оның ішінде тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге;
- 17.Балаларының мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
- 18.Балаларының мектеп ішінде ұлт-аралық , рулық, жершілдік мәселелерді қозғауына, өзгелерді кемсітуіне жол бермеуге;
19. Балаларының мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелуіне және пайдалануына жол бермеуге;
- 20.Балаларының мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелуіне, пайдалануына, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттауына жол бермеуге міндетті.

III. Мектеп оқушыларының міндеттері.

- 1.Әр оқушы өз бойына Қазақстан Республикасының жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға;
- 2.Сабаққа кешікпеуге, сабақтан себепсіз қалмауға;
3. Мектеп формасын сақтауға, сабаққа қажетті оқу-құралдарды толық әкелуге;
4. Өз ауысымының басталуына 15 минут қалғанда мектепте болуға;
- 5.Өрт қауіпсіздігі, жол ережелері және өмір қауіпсіздігін сақтауға;
- 6.Табиғатқа нұқсан келтірмей, қамқор болуға;
7. Мектептің күнделікті ішкі тәртіп ережесін бұзбауға;
- 8.Мектеп мүлкін бұзбауға;
9. сыныптастарына, жасы кішілерге күш қолданбауға, әлімжеттілік жасауға, адамның ар-намысын қорламауға;
10. кешкі сағат 22:00 ден кейін ойын-сауық орталықтарына, сағат 23:00-ден кейін үй ауласынан тыс жерге қараусыз бармауға;
11. Өзінің Қазақстан Республикасында тыйым салынған діндер мен діни ағымдар өкілдерімен кездесуіне, сұхбат құруына, үгіт-насихат кітаптарымен парақшаларын алуына, оқуына және таратуына қатаң тыйым салуға;
- 12.Сабақ уақытысында ұялы телефон, смартфон, планшет пайдаланбауға;
13. Мектепке нашакорлық тұрғыдағы заттарды (темекі, насыбай, есірткі заттар) әкелмеуге, пайдаланбауға;
- 14.Мектепке өткір, үшкір, суық қаруларды (пышақ, қанжар, костет т.б) ату құралдарын (мылтық, пистолет, газбаллондар, электрошокер т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
15. Мектептің ішінде ұлттаралық, рулық, жершілдік мәселелерді қозғамауға, өзгені кемсітпеуге;
- 16.Мектепке аса құнды әшекей заттар мен бұйымдарды (сақина, сырға, білезік, моншақ т.б) әкелмеуге және пайдаланбауға;
17. Мектепке діни тұрғыдағы заттар мен бұйымдарды (крест, тәспі, айшық, діни әдебиеттер, аудио және бейне таспалар т.б) және киімдерді (хиджаб, некап, паранжа, ряса, митра, ермолка т.б) әкелмеуге, пайдаланбауға, басқа адамдарға, соның ішінде тәрбие алушыларға насихаттамауға ;
- 18.Мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

М. Калменов

02.09.2023 жыл

**№11 М.П.Окороков атындағы жалпы орта мектебінің
2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспары.**


№4 қосымша

Қ/с	Жүргізілетін жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	1.2022-2023 оқу жылындағы білім сапасы, ҰБТ қорытындысы жайында есебі. 2.«Ұрпақ болашағы – тәрбие мен білімде» лекция 3.2022-2023 оқу жылының міндеттері. Мектеп директоры М.Калменов 4.2022-2023 оқу жылында ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау 5.Ағымдағы мәселелер.	қыркүйек	Қ. Молдашов Ж. Дуйсенова М. Калменов Е. Олжабаев М. Калменов
II	1.2023-2024 оқу жылының I тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы. 2. Бала дамуындағы ерекшеліктер 3. «Бала болашағының негізі – ұлттық тәрбиеде» баяндама 4.Ағымдағы мәселелер	қараша	Қ.Молдашов П.Бекжанова Мектеп психологы П. Бекжанова М. Калменов
III	1.2022-2023 оқу жылының I- жарты жылдығында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарға талдау 2.«Мектеп және отбасы ынтымақтастығы» баяндама 3.Ағымдағы мәселелер	қаңтар	Қ.Молдашов Ж. Дуйсенова М.Калменов
IV	1. 2022-2023 оқу жылының III-жылдығында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарға талдау 2. «Имандылық бастауы –ұлттық рухы биік ұрпақ тәрбиесі» Баяндама. 3.Ағымдағы мәселелер	наурыз	Қ.Молдашов П. Бекжанова М. Калменов
V	1.2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі. 2.Ата-аналар комитетінің жылдық есебі 3.«Жазғы демалыстың жоспары», Сауықтыру лагерін ұйымдастыру. 4. «Ата-аналар комитеті», «Қамқоршылық кеңесі» ұйымының жыл бойында атқарған жұмысы 5.Ағымдағы мәселелер	мамыр	Қ.Молдашов П. Бекжанова Е. Олжабаев М. Аукенбаева Е. Олжабаев Б. Абылкасимов М. Калменов

Дайындаған: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

П. Бекжанова

«КЕЛІСЕМІН»

Ата-аналар
комитетінің төрағасы
 Е. Олжабаев

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры
М.Калменов

02.09.2023жыл



№11 М.П.Окороков атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі ата-аналар комитеттерінің
ЕРЕЖЕСІ.

№2 қосымша

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес ата-аналар комитеттері білім беру ұйымының алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.

Ата-аналар комитеті өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады. Ата-аналар комитеті білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым қатынаста болады деп көрсетілген. Осы талаптарды назарға ала отырып, мектеп жанынан құрылған Ата-аналар комитетін қайта құруды тапсырамын. Ата-аналар комитеті мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Ата-аналар комитетінің құрамы, құрылымы және қызметі.

Ата-аналар комитеті аталған білім беру ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналардың бастамасы бойынша жалпы жиналыста құрылады.

Ата-аналар комитетінің құрамына:

- 1.Басқада білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері,
- 2.Жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестіктер,
- 3.Қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері,
- 4.Демеушілер кіруі мүмкін.

Ата-аналар комитетінің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Ата-аналар комитетінің отырысында сайланатын оның төрағасы Ата-аналар комитетінің басшысы болып табылады. Төраға Ата-аналар комитетінің атынан арнайы өкілеттісіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады. Төраға Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және бекітілген ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

Ата-аналар комитеті төрағасының орынбасарын Ата-аналар комитеті сайлайды.

Хатшыны Ата-аналар комитеті сайлайды және ол Ата-аналар комитетінің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді. Ата-аналар комитетінің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес жылына кемінде 4 рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Ата-аналар комитетінің төрағасының шешімімен немесе Ата-аналар комитетінің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі. Ата-аналар комитетінің мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Ата-аналар комитетінің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілігінің даусымен қабылданады.

Ата-аналар комитетінің мақсаттары.


1. Білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал етеді,
2. Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау,
3. Білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету,
4. Білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету болып табылады.

Ата-аналар комитетінің қызметінің негізгі бағыттары.

1. Білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмектесу (*ақылы іс-шаралардың өткізілу мәселелеріне қатысу (келісім беру немесе тиым салу)*),
2. Тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету,
3. Халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету,
4. Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмысы төмен, көп балалы отбасы балаларын бірізділік ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру,
5. Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмысы төмен, көп балалы отбасы балаларын жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтамасыз етуді ұйымдастыру,
6. Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмысы төмен, көп балалы отбасы балаларына демеушілер есебінен және бюджет есебінен көмек беруді ұйымдастыру,
7. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға өз пікірін білдіреді,
8. Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады.

«КЕЛІСЕМІН»

Ата-аналар
комитетінің төрағасы
_____ **Е. Олжабаев**



«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры

М.Калменов

02.09.2023жыл

**№11 М.П.Окороков атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі ата-аналар комитеттерінің
ЕРЕЖЕСІ.**

№2 қосымша

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес ата-аналар комитеттері білім беру ұйымының алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.

Ата-аналар комитеті өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады. Ата-аналар комитеті білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым қатынаста болады деп көрсетілген. Осы талаптарды назарға ала отырып, мектеп жанынан құрылған Ата-аналар комитетін қайта құруды тапсырамын. Ата-аналар комитеті мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Ата-аналар комитетінің құрамы, құрылымы және қызметі.

Ата-аналар комитеті аталған білім беру ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналардың бастамасы бойынша жалпы жиналыста құрылады.

Ата-аналар комитетінің құрамына:

- 1.Басқада білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері,
- 2.Жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестіктер,
- 3.Қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері,
- 4.Демеушілер кіруі мүмкін.

Ата-аналар комитетінің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Ата-аналар комитетінің отырысында сайланатын оның төрағасы Ата-аналар комитетінің басшысы болып табылады. Төраға Ата-аналар комитетінің атынан арнайы өкілеттісіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады. Төраға Ата-аналар комитетінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және бекітілген ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

Ата-аналар комитеті төрағасының орынбасарын Ата-аналар комитеті сайлайды.

Хатшыны Ата-аналар комитеті сайлайды және ол Ата-аналар комитетінің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді. Ата-аналар комитетінің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес жылына кемінде 4 рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Ата-аналар комитетінің төрағасының шешімімен немесе Ата-аналар комитетінің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі. Ата-аналар комитетінің мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Ата-аналар комитетінің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілігінің даусымен қабылданады.

Ата-аналар комитетінің мақсаттары.

1. Білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал етеді,
2. Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау,
3. Білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету,
4. Білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету болып табылады.

Ата-аналар комитетінің қызметінің негізгі бағыттары.

1. Білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмектесу (*ақылы іс-шаралардың өткізілу мәселелеріне қатысу (келісім беру немесе тиым салу)*),
2. Тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету,
3. Халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету,
4. Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмысы төмен, көп балалы отбасы балаларын бірмезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру,
5. Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмысы төмен, көп балалы отбасы балаларын жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтамасыз етуді ұйымдастыру,
6. Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмысы төмен, көп балалы отбасы балаларына демеушілер есебінен және бюджет есебінен көмек беруді ұйымдастыру,
7. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдауға өз пікірін білдіреді,
8. Білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады.

«№11 М.П. Окорокров атындағы жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

№ 61 бұйрық

Дербісек ауылы

01.09.2023.ж

2023-2024 оқу жылында
ата-аналар комитетін құру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы»
№ 319 Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитеті құрылсын.
2. Дауыс беру негізінде көпшіліктің дауысымен айқындалған №11 М.П.Окорокров атындағы жалпы орта мектебі ата-аналар комитетінің құрамы №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Ата-аналар комитетінің ережесі №2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Ата-аналар комитеті мен №11 М.П.Окорокров атындағы жалпы орта мектебі басшысы тарапынан міндеттеме №3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
5. №11 М.П.Окорокров атындағы жалпы орта мектебі ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары №4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



М.Қ.Калменов
М.Қ.Калменов

Орындаған: П. Бекжанова

Бүгінгі таңда ата-аналар «өзімнің балам, не істеседе өзім білемін» деген жаңсақ
аға келіп, өз балаларын сабақтан соң кешкі уақытта тойханаларға жұмысқа жібереді.
Ол бала сабаққа дайындалатын уақытта жұмыс істеп, сол қалыпта таң ертең сабаққа
шаршап келіп көңіл-күйі болмастан, ұйықтап отырады. Бұл жағдайда баланың
құқығы тапталып отырғанын, Заң аясында ата-анаға шара көрілетінін айтты.

Жиналыс барысында **ата-ана Сламбекова Жаңыл**: Мұғалімнің оқушыны ұруға
құқығы бар ма? –деп сұрақ қойды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Перуза Бекжанова:
Мұғалімнің оқушыға қол көтеруге заң аясында құқы жоқ, және ондай құқық ешкімге
де берілмеген. Сіз көтеріп отырған бұл мәселе бүгінгі жиналыстың күн тәртібінде
қаралмағандықтан көпшіліктің уақытын алмай жиналыстан соң жеке әңгіме құрсақ
деп, күн тәртібіндегі келесі мәселеге кезек берді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша **мектеп Қамқоршылық кеңес
төрағасы Бауыржан Абылкасимов** сөз алып: Бала тәрбиесі-өте күрделі үрдіс.
Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл-күйімен және
қабілетімен, икемділігімен қадағалау қажеттіліктерімен айқындалады-деп, «Бала
дамуының нормативтері» тақырыбында тәрбиелік мәні зор баяндамасын оқып
таныстырды.

Жиналысқа қатысқан ата-аналарға «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында
бейнефильм көрсетілді. Жиналысқа қатысқан ата-аналар оқиға желісінен әсер алып
көздеріне жас алды.



...н тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша **мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы Е.Олжабаев** сөз алып: Қай ғасырда болсын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. Бала тәрбиесі-мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. Мемлекет басшысы өзінің Жолдауларында егемен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі барын баса айтып келеді-деп, «Үлкенге құрмет – кішіге ізет!» тақырыбында тәрбиелік мәні зор баяндамасын оқып таныстырды.

Жиналыс барысында қыркүйек айында мектеп жанынан құрылған Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің қабылдаған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, № 11 М.П.Оокроков атындағы жалпы орта мектебінің ұсынымдарын негізге ала отырып құрылған «Ұлағат» әкелер кеңесі мен «Аналар» кеңесі ұйымының ЕРЕЖЕСІмен және жұмыс жоспарларымен таныстырды.

Жиналыс соңында **мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы Ералы Олжабаев** сөз алып, ата-ананың басты-қазығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта. Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан-жақты қалыптасуына ата-ана мен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б. келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян. Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат – әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан-жақты дамуына ата-ана, мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін-өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.

Ата-ана өз баласының ынтасын үйдегі тәрбие арқылы өзі жойып отырғанын білмейді. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Жоғарғыда айтылғандай бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 6 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата-ана болып қала береді.

Сонымен әрбір ата-ана өз баласының тәрбиелі де, саналы, мәдениетті, жүрген ортасында сүйкімді болу үшін алдымен тәрбиені өзінен бастағаны жөн, яғни оғаш қылықтармен баласына үлгі-өнеге көрсетпеуге тырысқаны жөн. Жас кезінде баласына дұрыс тәрбие бере алмаған ата-ана кейін бармағын тістеп өкініп қалады. Қалай қисайтсаң солай өседі. Оның түзу жолмен жүріп білімді де саналы азамат болып өсуі біздің, яғни әрбір ата-ананың қолында-деп өз сөзін аяқтады.

Жиналыс соңында мектеп директорының **тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Перуза Бекжанова** бүгінгі жиналысқа қатысқан ата-аналарға алғысын білдіріп жиналыс аяқтады.

Жиналыста қабылданған шешімдер:

1. 2023-2024 оқу жылының I тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстары бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Молдашов, П. Бекжанованың қорытынды есебі «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. Сынып жетекшілер ҚР «бала құқығы туралы» Заңы оқушыларға тәрбие сағаттарында таныстырылсын.
3. «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында көрсетілген бейнефильм назарға алынсын.
4. «Үлкенге құрмет – кішіге ізет!» тақырыбындағы Е. Олжабаевтың баяндамасы назарға алынсын.
5. Мектеп жанынан құрылған «Әкелер кеңесі» мен «Аналар кеңесі» ұйымының жұмысы жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Е. Олжабаев

Хатшы:

П. Бекжанова



Перюза Бекжанова ▾

 16 апр. · 🌐

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ !!!

📖 Әлемде қазіргі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған – бұл жасөспірімдердің, балалардың зорлық – зомбылыққа ұшырауы. Барлық балалар үйінде, мектепте және басқа да қоғамдық мекемелерде күнделікті қатыге... Ещё

 Нұргүл Балғабаева и еще 5

Нравится



Комментировать



Поделиться